

Т.В.Мустафина, Б.Е.Колумбаев

### Совместимость противоречий в учении дао

В статье делается попытка философски осмыслить характерную черту китайского миропонимания — сопоставление двух начал. Две силы, издревне символизирующие китайскую духовность, не только сосуществуют параллельно, но и взаимодополняют друг друга. Автор рассматривает единство этих сил как основу гармонии духовного и физического миров человека и общества.

T.V.Mustafina, B.Y.Kolumbayev

### Similarities of varieties in dao studies

The author makes an attempt to comprehend philosophically typical peculiarity of Chinese perception of the world — comparison of two origins. Two powers from the earliest times symbolizing Chinese spirituality not only exist parallelly but complement one another. The author considers the unity of these powers as the basis of harmony between human and society's spiritual and physical worlds.

ӘОЖ 2.297

Н.Р.Салыматова, Б.Е.Колумбаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Ислам дінінің қоғамдағы әйел дәрежесіне ықпалы

Мақалада қазіргі заманғы қоғамдағы әйел мәселесі, ислам заңдарының қоғамдағы әйелдің статусына тигізетін әсерінің мәселелері қарастырылды. Қоғамдағы әйелдің ролі адам дамуының аса маңызды факторы болып саналады. Авторлар Исламның қоғамдағы әйелдің роліне тигізетін әсеріне байланысты әр түрлі көзқарастарды негізгі құндылықтар мен идеяларды зерттей отырып, қалыптастырды.

*Кілтті сөздер:* дін, ислам, қоғам, қазақ қоғамы, әйел дәрежесі, салт-дәстүр, тұрмыс, құқық, шариғат.

Қазіргі кезде ислам дінінің қазақ жеріне келуімен байланысты әйел жағдайы мәселесіне қалай әсер еткендігі жөніндегі әр түрлі көзқарастар бар. Исламның бұл мәселеге қатысты жағымды жақтарын айтып, қолдайтындарына қоса, бұл діннің еш өзгеріс әкелмегендігін, тіпті, жағымсыз жақтары басым дейтіндер де баршылық. Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзіндік құндылықтарын арттырып, дамуы кезеңінде, алға қойып, зерттеліп, қарастырып жатқан мәселелері жетерлік. Бұлардың қатарында қоғамдағы әйел дәрежесі де бар. Бұл бүкіл әлемдік деңгейде көтеріліп, талқыланып жүрген мәселе. Осы тұрғыда бұл мәселені зерттеуде жан-жақты барлық жағдайларды; тарихи оқиғалар, қоғамдық саясат, мәдени даму, әлеуметтік өзгерістер т.б. ескеру өте маңызды.

Өткенге көз жүгіртер болсақ, қазақ жерінде қазақ елі үшін айтулы небір өзгерістер болғанын білеміз. Солардың ішіндегі негізгілерінің бірі, бастысы деп қазақ жеріндегі ислам дінінің таралуын көрсетуге болады. Қазақ халқының бұл дінді қабылдауы дәстүрлі салт-дәстүріміз бен қоғамдағы тұрмыстың біраз өзгерісіне алып келді.

Исламның әйел дәрежесіне ықпалы мәселесін қарастырмас бұрын, сонау исламның араб жеріне келуіне дейінгі жағдайын қарастырайық. Ол кезеңде, яғни жахилия уақытында, әйел адамның еш құқығы болған жоқ. Ол, тіпті, күйеуі немесе әкесі өлген жағдайда да еш дәмелене алмайтын, себебі ер адам ғана мирасқа ие болатын болған. Бұның себебі — әйелдер ешбір шабуылдар мен әскери қақтығыстарға қатыспауы. Тіпті отбасында дүниеге қыз бала келген кезде, ұят пен қайыршылықтан арылу мақсатында, нәрестені тірідей жерге көмген жағдайлар да болғанын білеміз.

Исламның әйелді төмен ұстайтынын, кем санайтынын мойындау керек дейді біреулер. Олар мысал ретінде көп некелік, әйелді қамап ұстау, отбасы-ошақ қасында күннің есебінде жүру, еріне басыбайлы бағынышты болу, қожасының күтуші күндермен заңды түрде қатынасқа түсуі, мұра бөліскен кезде еркекке екі үлестің берілетіндігін келтіреді.

Исламның араб қоғамы мәдениетінің артқа кеткен заманында туғанын білеміз. Еркектер он немесе одан да көп әйел ала беретін болған, қожайын өзінің күндерін жезөкшелік кәсіпке салып, одан мол пайда түсіретін болған. Ал Исламда еркектің төрт әйел алуға деген хақысы — міндет емес — рұқсат. Және де бұл жолдың өзінде шарифат ер адамға қатал тәртіп пен міндет жүктейді. Оның үстіне, осылайша әйел заты масқара мен абыройсыздықтан, жоқшылық пен құлдықтан құтылатын болған. Әр замандағы түрлі себеп, негізгісі соғысқа байланысты еркектердің үлес саны әйелдерге қарағанда неғұрлым төмен болып отырды. Осыған орай, әйелдердің қамын ескере отырып, осындай рұқсат берілген.

Исламға дейін ешбір қоғам әйелдің әлеуметтік ролін мойындамады деп айтуға негіз бар. Әйелге сатып алатын немесе сататын тауар ретінде қараған. Әкесінің үйінен кетіп, күйеуінің үйіне келгеннен бастап, әйел адам басыбайлы ерінің бір мүлкіне айналады. Жесір қалған күнде де, басына азаттық берілмеді. Ол күйеуінің бір туысына тұрмысқа шығуына міндетті еді.

«Әйел еркектің малы есебінде, оны қалауынша қолдану хақы бар, өмірі мен өлімі күйеуінің қолында болды. Күң ретінде қаралды. Әйел әуелде әкесінің, үйленген соң күйеуінің, күйеуі өлген соң ұлының тұтқыны болды. Әйел бір нәпсі саудасы саналды. Ең мәдениетті деген афиналықтарда қатынын базарда сататын, басқаларға беретін, көңіл ашу құралы ретінде санайтын. Әйел үй шаруасына, бала бағуға қажетті, бұған қарамай, бейшара халдегі бір зат еді. Байырғы гректе әке әкім болатын да, балаларын сата алатын. Байырғы Францияда да хал осылай. Байырғы Ромада отбасында әке би болды. Би балаларын үйден қуалауға, сатуға, жанұя заңына қиғаш келгенін өлтіруге хақылы еді. Хазірет Иса әйелдерге өте қайырымды болды. Бірақ христиандық Еуропа, пұтқа табынған Еуропа сияқты әйелді қор санаудан өзін құтқара алмады. Әйел мен еркек арасындағы байланысқа басқаша көзбен қарап, ескі көзқарасын жазбады. Әйел болса, құлдық құрсауын сиыра алған жоқ. Түрліше дәуірлерде ғасырлар бойы ортаға шыққан философия мәселелеріне де араласқан бұл жағдай, әйел жөніндегі нашар көзқарастың жалғасынан басқа не еді? Бұған жауапкершілік бар ма, жоқ па? Әйтпесе хайуан орнында кете бермек пе? Осындай ғажайып сөздерді ортаға қойғандар болды. Әйелдің рухы бар-жоқтығы тартысылды [1].

Кейбір зерттеулерде көрсетілгендей, ислам діні әйел адамды төмендетіп, аяққа таптамайды. Әйел мәселесі, отбасының тұрақтылығы ислам дінінде өзара келісушілікте, бірін-біріне бағындыра отырып реттейді. Әйел исламда маңызды орынды иеленеді. Ол қамқорлық пен аялауды қажет ететін, бағалы болып есептеледі. Осы мақсатта оның ары, намысы, сұлулығын сақтауға бағытталған көптеген өсиеттер бар.

Ислам әйелдерге олардың міндеттерін жүктей отырып, көптеген құқықтар мен артықшылықтар да танытады. Жоғарыда көрсетілген әйелдердің үлестен қағылуын да ислам өздігінше реттейді. Мысал келтірер болсақ, кәмелеттік жасқа жеткен бойжеткен өз ісінде еркін құқыққа ие болды. Иесі, не әкесі, ағасы, кім болса да оның жеке мүлкіне қол тигізуіне тыйым салынды. Бұған дәлел ретінде Құранның мына бір сүресін келтіре кетейік: *Еркектерге ата-анасы мен туыстарынан қалған мұра қаншалықты тиесілі болса, әйелдерге де солай тиесілі. Ол мұра аз не көп болсын мейлі, ол үлес қатаң түрде санаулы* [2].

Әйел де, еркек те толық құқыққа ие, екеуі де өз өмірлерін, намыстары мен мүліктерін қорғауға құқылы. Бұл құқықтарға қысым көрсетіліп, дау тудырылып, қайта қарастырылмайды. Тұлғалығы мен жеке баспанасына ешкім қол сұқпайды. Барлық айтылған қағидалар мен қалыптасқан заң барлығына ортақ, еш алалаушылық жоқ.

Ислам әйел мен еркек арасында ағзасы мен дене бітімінің ерекшелігіне, сондай-ақ қоғамдағы жүктелген ролдеріне байланысты құқықтар мен міндеттерінде біраз ерекшеліктерін қалыптастырды. Әйел ерін қалай құрметтеп, сыйлауы керек болса, еркек адамға да осындай міндеттер жүктеледі. Ер адамның да өзінің әйелінің алдындағы орындау керек міндеттері бар. Яғни ол әйеліне қамқор болып, аялап, сыйлап, материалдық тұрғыда қамтамасыз етуге, санасуға, келісімімен әрекет етуге міндетті. Сонымен қатар ер мен әйелге жүктелген міндет пен олардың құқықтары тең. Ислам діні қазақ жеріндегі әйелдердің ауыр еңбектеріне тыйым салып, жеңіл шаруамен айналысуды өсиет етеді. Себебі әйел адамды нәзік жаратылыс деп қарастырып, аялайды. Осыған байланысты ер адамдар әйел адаммен қарым-қатынасында оның нәзіктігін естен шығармауы тиіс. Әрбір ер адам өзінің әйеліне мейірім мен қамқорлық танытып, құрметтеп, нәзік сезімдерін бағалаулары тиіс.

Ер адам мен әйел табиғаты екі бөлек болуына байланысты қоғамда әрқайсысына тиісті ролдері тапсырылған. Бұл ролдер бірін-бірі толықтырып, қоғам дамуында негізгі және қажетті болып табылады. Бұл құрылымның ішінде олар өздеріне маңызды нәрсеге талпынуға ерікті, өз қызығушылықтарына сай қоғамға өз үлестерін қоса алады.

Дін әйелдің қадірін арттырып, қорлықтан шығуына көмектесті. Ол құрметке ие болды. Қай жерде болса да өз ойын бүкпей айта алды. Өз үйінде қыз бала деп аялы алақанға салынса, ерінің үйіне келін болып келгенде де өз құқығына сай өзіндік орнына ие бола алды. Нәрестелі болған кезде, тіпті, қадірі артып, баланың қорғаны мен отбасының бақытына айналды. Пайғамбарымыздың өзі ер адамдарға әйел — Алланың үлкен сыйы деп үйреткен.

Ислам отбасында әйел — ең бірінші кезекте, ерінің аяулы, адал жары және отбасының ұйтқысы. Отбасындағы қатынас — өте бір нәзік тақырып. Бұл ері — отбасының отағасы, ал әйелі — ошақ қорғаушысы болып табылатын әйелі мен ерінің реттелген жеке құқықтары мен міндеттері бар адам қарым-қатынасының ерекше түрі. Алайда бұл әйел ролі отбасы, үйі, үй іші тірліктерімен шектеледі деген сөз емес. Қалаған жағдайда, мұсылман әйелі оның ары мен намысына Алланың алдында жауапты адам — ері немесе туысының рұқсатымен өзінің жеке ісімен айналысуына, қоғамның қоғамдық және саяси өміріне араласуына, адам баласына игі қызмет — медицина, білім беру, киім және іс тігу, аспаздық саласында қызмет етуіне рұқсат етіледі.

Қазақ жеріне исламның әкелген ұлы жаңалықтарының бірі білім мәселесі еді. Яғни, шариғатқа сай, әйел адамға еркек адамға міндет етілгендей, оқып-білу, пайдалы ғылым іздеу жүктеледі. «Әйелге қажетті басты нәрсе қайырымдылық пен құрмет. Әйел ерлермен тең құқыққа ие. Әйелде еркектердей сенім, әрекет пен ахлақтың маңыздылығын басты орынға қойған, жақсылықты жақтап, жамандықты тосуға жауапты. Еркектерге оқу парыз болса, әйелдерге де парыз. Әйелдер мәмледе және жазада ерлермен тең. Мал-мүлкін, қажетін қалағанынша үнемдеу ақысы бар. Ешкімнің рұқсатына және әкімнің килігуіне қажеті түспейді. Үйлену, алу, сату, жалға беріп-алу, ұсыну, аманатқа беру, кепіл болу, тапсыру, қарызға ақша беріп-алу, серіктік құру, өкілдік, бейбіт және босату, арыз және мойындау сияқты мәселелерде Ислам заңы бойынша еркектермен тең болады. Әйел де еркектер сияқты ерекше заңды әрекеттер мен қимылда ұжданымен жауапты» [1].

Бүгінгі күнде мұсылман әйелдері қоғамда өте белсенді: ислам әлеміндегі әйелдер жаңа компьютерлік технологияларды игеріп, саяси, оқытушылық, журналистік қызметпен айналысып, адам емдеп, ұстаздық етуде. Бұдан шығатын қорытынды, кейбір қалыптасқан көзқарастарға қарамастан, білім алып, қызмет істеу әрбір мұсылман әйеліне қол жетімді және рұқсат етілген.

Исламдағы ағымдардың бірінің негізін салушы, VIII ғасырда өмір сүрген имам Абу Ханифа әйелдердің әскери төреші қызметіне тағайындалуларына мүмкіндік берді. Осы орайда қоғамда белсендігі жоғары көптеген ислам әйелдері «Оқымыстылар ханшасы», «Әйелдер мақтанышы», т.б. сол сияқты атақ, дәрежелерге ие болды.

XIX–XX ғасырдың басында мұсылман өркениеті құлдырауды бастан кешірген кезеңнің өзінде де қыздарға арналған жеке меншік ауқымды жүйесі болған; көптеген мұсылман мектептерінде ұл балалар мен қыз балалар бірге оқытылды. Әйел сауаттылығы татар, өзбек және тағы басқа да отырықшы халықтар арасында өте жоғары болып, кейін ол қазақ жеріне де терең бойлап енді.

«Әйел үшін ең қайырлы жұмыс үйде екенін айта отырып, оған сыртта жұмыс істеуге болмайды деп тыйым салмайды. Тек жұмыс ислам қағидаларына сай, отбасы бірлігі мен берекесіне әсер етпейтін болуы керек. Өзге жұмыспен айналысам дейтін мұсылман әйелдерге, мұсылман емес әйелдерге рұқсат етілгендей, үйге қызметші алуына болады. Алайда көптеген мұсылман әйелдері бұлай жасамайды, олар өз балаларының тәрбиесін бөтен адамға тапсырғылары келмейді.

Мұсылман әйелдер толық қамтамасыз етілген өмір сүруге құқылы, және күйеулеріне оларды ақша табуға мәжбүрлеуіне тыйым салады. Алайда ешкім әйелдерге, қалап тұрса, жұмыс істемеуіне тыйым сала алмайды. Әрине, бұл жұмыс әйел адамға лайық болуы керек. Пайғамбардың бірінші әйелі Қадиса сауда ісімен айналысқан, ал Мұхаммед оған үйленерден бұрын оның сауда қызметіне қатысты тапсырмаларын орындаған.

Әйелі күйеуінен бай болса да, күйеуі оның қажеттілігін қамтамасыз етуге міндетті. Және әйелінің көмегіне сүйеніп, одан көмек күтпеуі керек [3].

Әйел адам көбіне үй шаруасы жұмысын атқарса да, ислам бұған мәжбүрлемейді. Күйеуі әйеліне үй жұмысына көмектесіп, өз киімін бүтіндеп, үйдің барлық жұмыстарында қол ұшын беріп отыруға міндетті. Әйелі мен ері үйде біріге отырып, барлық мәселені шешіп, жылулық орнатып, ортақ келісіммен бала тәрбиелеп, бірін-бірі қолдап отырулары абзал.

Мұсылмандық қағидаларға сүйену әйел адамға қорғанысты қамтамасыз етеді: әлеуметтік, материалды, физикалық, тіпті, психологиялық.

Алла дүниені жарату барысында ең алдымен Адам Атаны, одан кейін оған серік болсын деп Хауа Ананы жаратқаны баршамызға белгілі. Хауа Ананың жаратылуын қазіргі кезеңдерде Құранды дұрыс түсіне алмаушылар, Адам Атаның қабырғасынан жаратылғандықтан, оның бір бөлшегі деп

түсінеді. Яғни өмірге келуі соның арқасы, әйел еркекке бағынышты деп қабылдайды. Шындығында, бұл адасушылық. Алланың Адам Ата мен Хауа Ананы жарату себебі — олардың бір-біріне адал жар болып, ұрпақ жалғастыру жолы. Алла Тағала адамзат баласына: «Сендер көбейіп, ұрпақ таратындар. Сонда мен сендердің көптіктеріңді айтып мақтанамын», — деп өсиет айтты. Бұл екеуінің бірінсіз-бірінсіз күні жоқ, олар жалғызсырамай, қосылып, өмірді жалғастырушылар.

Ислам діні бойынша Алла барлық жер бетіндегінің бәрін жұп-жұбымен жаратқан, тек Алланың өзі ғана жалғыз, ол теңдессіз. Бұндай құрылым жер бетінде жаратылған тіршілік иелерінің барлығының өмірінің дамуы мен ұрпақ жалғастығын қамтамасыз етеді. Ал адамзаттың өсіп-өнуі, дамуында әйел адам үлкен жауапкершілікке ие. Берік қоғам қалыптастыру үшін дені сау ұрпақ тәрбиелеп, өсіру — аналардың міндеті. Бұл орайда әйелге артылған жүк өте ауыр, ол — адамзатты сақтау. Яғни, болашақты әйел адамға міндеттеу, сеніп тапсыру. Әйел адамның өмірге келгендегі ең маңызды миссиясы да осы емес пе?

Отбасының құрылуындағы негізгі орын әйелдердікі. Ол дүниеге бала әкеліп, тәрбие беріп, ол үшін Аллаһтың алдында жауапқа алынады. Ал еркектің бұл жердегі негізгі және басты функциясы — отбасының материалды жағдайы.

Өмірдің бастауы, негізі — ана дейтін болсақ, олардың салт-санада, әдет-ғұрып, дініміз бен тілімізде, жалпы айтқанда, мәдениетімізде алатын орны басқа еш адаммен салыстыруға келмейтін өте жоғары тұр. Және ол өте ұлы, қасиетті өмірлік бастау. «Анаңның ақ сүтін Меккеге үш рет жаяу арқалап апарсаң да, борышыңды өтей алмайсың» деген ананың сенің жолыңдағы міндеттерінің қаншалықты қиын екенін аңғартпай ма? Бірде бір адам Мұхаммед Пайғамбарға келіп: «Жұмаққа барудың жолын көрсет», — деп сұрап келеді. Сонда Пайғамбарымыз ол адамға: «Анаңа, анаңа, тағы да анаңа қызмет қыл», — деп өсиет айтады.

Енді мынаған назар аударайық: «Бірде бір адам Пайғамбарға келіп, ең адал дос ретінде кімді таңдау керектігін сұрағанда, ол оған ең бірінші ананды, одан кейін тағы да ананды, тек одан кейін ғана әкеңді деп жауап берген екен» [2].

Анасының баласын дүниеге әкелуі — ауыр іс. Бұны исламда айрықша көрсетеді: «Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешенің шүкір ет. Қайтар орның мен жақ», «анасы оны әлсіздік үстіне әлсіздікпен жүкті болып тасыған», «адам баласына өміріне игілік істерді өсиет еттік, анасы оны зорға көтеріп, зорға босанған». Тоғыз ай көтеріп сені дүниеге әкелген ананың борышын қалай ғана өтейсің? Айланып, толғанып, тар құрсағын кеңейтіп, алпыс екі тамырын идірген — сен, анаңа қалай мейірленбейсің?

Әйел адам деп атап отырғанымыз біздің анамыз, әпкеміз, қызымыз, әйелдеріміз. Дін қағидасына сай бұларға деген еркек адамның қарым-қатынасы тікелей Алламен бақыланады. Құқығын шектеу немесе қысым көрсету Алла тарапынан жазаға тартылады.

«1893 жылы Чикагода Әлемдік діни конгресте оқылған «Исламның өмірлік әлеуметтік жағдайына ықпалы» атты баяндамасында М.Уэбб былай деген: «Құран әйелді ер адаммен толықтай тең дәрежеге қояды, ал Пайғамбар әйелді көптеген жағдайларда ер адамнан жоғары қояды». Ислам қайырымсыз әйелдерге өте қатал, ал керісінше, қайырымды, мейірімді, мейірбандарды қастерлеп, жақсы көреді. Әйел адам әрқашан толысып отыруы керек. Талмай, қажымай, өз бойындағы кек сақтау, көре алмаушылық, тәкаббарлық, ашуланшақтық, сарандық, қулық, бос үміттену, айтқанынан қайтпайтын тік мінезділік, өтірікшілік, жаманшылық жасау, әділетсіздік, өзін-өзі сүюшілік, асығыстық, рахымсыздық, үстіртін ойлау сияқты жағымсыз қылықтардан арылып отыруы тиіс. Өз бойында ұялшақтық, қайырымдылық, кешірімділік, көндіге білу, дархандық, төзімділік, мейірімділік, білімділік, саналылық, әділеттілік сияқты қылықтарды тәрбиелеу міндетті болып саналады.

Ислам басқа да діни көзқарастар сияқты, әрине, негізінен жалпы еркектік бастаманың жоғарылығын атап көрсетеді, алайда шынайы өмірде әйел заты сан рет интеллект көрсету, шығармашылық қасиеттері, т.б. жағынан еркектен аса алса асуына жол берілген. Және де айта кететін жайт, кез келген дін ер адамды билеуші принципі арқылы анықтап, әділетті басшылықты қалайды (мемлекетте және отбасында) [4].

Исламның бастапқы кезеңдерінде, Пайғамбардың тұсында Құран принциптеріне толық бағынып, әркім өз құқығы мен міндеттерін жақсы түсініп, соған лайық амалдар жасауға талпынды. Кейіннен кең белең алған Құранды айтарлықтай қате түсінушілік, бұрмалаушылық болған жоқ. Сол себепті де әйел адам қоғамда құрмет пен құтімге ие болды. Оның белсенділігі, әсіресе діни ортада өте жоғары болды. Қоғамдағыдай дінде де әйел адамға өзін-өзі дамытып, жетілдіруге, діни білім алуына

мүмкіндіктер берілді. Ендігі кезекте әйелдер ер адамдармен қатар бір рухани жетекшіден сабақ алатын болған.

Осы жолдағы білімдерін жетілдіре түсу барысында, әйелдерге өзіндік жеке сопылық ұйым құруларына да мүмкіндік берілген. Ұйым құрамындағы әйелдер «сопы әйел» деп аталды. Көптеген мұсылман әйелдер өзінің рухани тәжірибесінде жетіліп, толысудың жоғарғы дәрежесіне жетіп, «әулие» деген атқа ие болды. Әйелдер де Аллаға құлшылық жолында Меккеге барып, қажылық парызын да орындап, дін құрылымында діни лауазымға ие болған. Осындай мұсылман әйелдерінің ішінде сабақ беріп, шәкірт тәрбиелегендері де аз емес.

Сопылық поэзияда әйелді жырлау — ерекше тақырып. Әйелге деген махаббат мұсылман мистиктерінде рухани жетілу және құдайды тану жолы деп түсінілгенін айта кету керек. Мұсылман әлемі діннің, ғылымның, әдебиет, медицинаның білгірі болған көптеген әйелді біледі.

Бұлардан байқайтынымыз, ислам діні әйел адамның жанданып, рухани дамуына айтарлықтай зор үлес қосты. Көшпелі қоғамда кең етек жайған «шарифатқа сай» деп істелген істердің көпшілігі исламды дұрыс түсінбей, көбіне бұрмалаушылық салдарынан күнделікті тұрмыстағы қағидалардың ыркына сай тарамдалғаны деп қарастыру жөн болатын сияқты. Мұсылмандық шарифат заңдары адамды еркінен тыс қинауға, зорлық-зомбылық көрсету дегендерге қатал тыйым салады.

Осы жағдайларды негізге ала отырып, қазақ қоғамындағы салыстырмалы әлеуметтік белсенділік пен әйелдердің саналылығы өзінің бастамасын мұсылман ағартушылығының таралуымен байланыстырғанын айтуға болады.

Бұл мәселелер терең таным, көптеген ізденістер мен мәселені байыптаудағы ыждағаттылықты қажет етеді. Осы және басқа да көптеген ерекшеліктерді түсінбеушілік бірқатар зерттеушілердің Шығыс мұсылмандығындағы әйелдің жағымсыз жағдайы жөніндегі көзқарасты ұстануға әкелді. Тіпті, кейбіреулері бұған Ислам дінін кінәлап, жазғырды: «Құран әйелдерге еш аяушылық көрсетпейді», «...әйел тұлғасына Ислам діні қызғаншақ еркек тұрғысынан қарайды». Егер қоғамда әйелді төмендетіп, мұқатып жатса, бұған сол әрекеттерге жол беріп отырған, ең алдымен сол әлеуметтік қоғамды кінәлау жөн тәрізді.

Исламды терістейтіндер көбіне Батысты негізге ала отырып, ондағы әйелдің еркіндігі жоғары екендігін алға тартады. Ондағы артықшылық, әйелге деген ерекше құрмет неден байқалады? Мына сипаттамаға қарағанда бұл түсінікпен келісу қиын: «Батыстың таным-түсінігінің қалыптасуына өлшеусіз ықпал еткен христиан теологтары да бертінге дейін «әйел адам ба, адам емес пе?» деген мәселе көтеріп келді. Орта ғасырларда, әсіресе 1430–1780 жылдары арасында Батыста 2 миллионға жуық әйелдің мыстан, азғырушы, арбаушы, көзбояушы, сиқыршы деген жаламен шіркеу тарапынан отқа жағылғанын, тірідей өртелгенін білеміз. Тіпті Еуропада «мыстандар мен сиқыршы әйелдерді аулау» үшін арнайы топтар құрылды. Олар көрікті, ақылды, білімді қыздар мен әйелдерді «еркектерді азғырушы» ретінде айыптап, сотсыз, шіркеудің үкімімен тірідей отқа өртеп отырған. Католик шіркеуі мен протестанттық сенім арасындағы қақтығыс кезінде бұдан ең көп зардап шеккендер тағы да әйелдер болды. Англияда әйелдерге бертінге дейін «Інжілді» ұстауға тыйым салынды. Демократияның бесігіне балап жүрген Францияда Жанна Д'арк сияқты сан мыңдаған әйелдердің түрлі жаламен тірідей отқа жағылғаны тарихтан мәлім. Өйткені христиан теологиясында әйел бейнесі адамды азғырушы сайтанның одақтасы, ібіліспен ымыраға келуші, сайтанның тапсырмасын орындаушы, Адам Атаны алғашқы күнәға итермелеуші ретінде суреттеледі. Көптеген әдебиеттер мен суреттерде жың-шайтан мен ібіліс әйел бейнесінде көрсетіледі. Христос теологы Тертулиан: «Әйел — адамның жүрегіне сайтанның кіруі үшін ашылған есік», — десе, әулие Христан: «Әйел — қашып құтыла алмайтын бәлекет, жамандықтың бастауы, көңілді аулайтын, жүректі жаулайтын, нәпсіні күнәға итермелейтін қатер, рухыңа тұзақ құратын көрікті қарақшы, әуре-сарсаңға салатын бейнет», — деп жазды. Күнә мен әйелдің аты қатар аталғандықтан, христиан діндарлар үйленген жоқ, олар әйел атаулыға жоламады. Шіркеу үйленбей өтуді Хазірет Исаның жолы, өмірде күнәдан пәк болып өту деп түсіндірді. Католик шіркеуі Папаларды тек үйленбеген кардиналдар арасынан ғана сайлады. Бұл әлі күнге дейін жалғасып келеді» [5].

Адам тіпті әділетті болуға мүдделі болғанда да әділетті бола алмайды. Пайғамбардың айтуы бойынша, әйел жүріс-тұрысында мін жоқ, кіршіксіз таза, үлгілі әйел болуы керек. «Үйлерінде отырғандар — бұл әйелдің ең құрметті орны». Өзінің үйі, міндеті, мұраты — ошағының сақшысы болу, бар өмірін бала тәрбиесіне арнау керек дегенді білдіреді. Қайсысы дұрыс: әйелдің жұмысбасты болып, балаларын бағушы, немесе балалар бақшасына бақтырғаны ма, немесе әйелдің үнемі баланың жанында болып, бар күшін, бар ойын соның тәрбиесіне жұмсағаны ма? Жауабы айдан анық: өз анасының бауырында, оның мейіріміне шомылып өскен балалар, өзінің бар күшін, ақыл-ойын

қоғамдық жұмысқа сарп еткен әйелдің балаларына қарағанда анағұрлым денсаулығы мықты және тәртіпті болады. Бұл ислам әйелдің мемлекет және қоғам ісіне араласуына қарсы деген сөз емес, бала тәрбиесінің дұрыс жолын анықтағаны. Мұсылман әйелдің ел басқарғаны қаншама, өлең-жыр жазып ақын болғаны, білім қуып ғалым болғаны, батыр болып соғысқа қатысқаны, небір білімді, асқан дарынды, өкіметте еркек адамдармен қатар отырып, билікке қатысқаны қаншама?

Шын мәнісінде Құран аяты Пайғамбардың әйелдерінің әдебін айтқан, ең биік үлгі менен өмір шындығы.

Еркекте бар айырылысу ықтияры әйелде де бар. Яғни, әйел, қажеттігі туған жағдайларда айырылысуды талап ете алады. Соның бірі — ол некеге тұрғанда некенің ақ адал болуын алдын ала әңгімелеп, келісіп алады, осы шарт бұзылғанда ол айырылысуға қақылы.

Ислам әйелге Еуропада жоқ құқық береді. Бізде әйелге қалың мал төленеді, ал оларда әйелдің міндетті түрде жасауы болу керек. Бізде әйел өзінің мүлкіне өзі ие болып, қалауынша жұмсап, пайдалануға хақылы, ал Еуропада бұндай құқық еркекте ғана бар: ол некеге тұрған күні әйелдің дүниелігіне толық қож болып шығады.

Осыдан келіп Исламның мұра бөлгенде еркекке неге екі үлес бұйыратыны шығады. Бұның себебі — еркектің міндетінің ауыр және үй-орманның тірегі, асыраушысы, қорғаушысы екендігінде. Исламның әйелге деген қатынасы — әділеттің биік үлгісі. Пайғамбардың әйелдерімен кешкен тұрмысы — қамқорлық пен нәзік ықыластың, әйелге, анаға деген рахымның асқақ белгісі.

Аллаһ Тағала әйелге отбасы мен ошақ қасын, ал еркекке қоғамдық өмірді бұйырғанда, еркекке ішіндегі күш-қайратын шығарсын, өнердегі қабілетін көрсетсін деген, ал әйелге адамды тәрбиелеу сияқты ең ізгі міндетті тапсырған. Адам тәрбиесін әйелге тапсыру — бұл әйелге деген биік сенімнің белгісі. Бұл қандай теңсіздік?

Ислам әйел адамның жағдайын жан-жақты қарастырып, реттей білген дін. Исламның мақсаты — әйелдің ардақты да абыройлы болып, неке құрып, өмірге келгендегі миссиясын адасушылықсыз, дұрыс жолмен жүзеге асыру. Еуропадағы әйел жағдайы сырт көзге әсем көрінгенімен, адамдық мораль тұрғысынан қарастырсақ, исламнан әлдеқайда төмен жатыр. Тек әр жағдайға бойлай еніп, түсініп, көре білу қажет.

Қазақ әйелінің тұрмысына да исламның келуі көп әсер етіп, жақсы жағынан ықпал етті деуге негіз бар. Қазақ дәстүрінде де әйел адам айтарлықтай дәрежеде құрметтеліп, ер адам онымен санасатын болғандығы рас. Бірақ шаруашылық еңбек жағынан біраз қиыншылықтардың болғаны жасырын емес. Исламның келуі бұл жағдайды едәуір жеңілдетті деп айта аламыз. Себебі ол әйелдің физикалық ауыр жұмысына қарсы болды.

Сондай-ақ ислам діні әйелдерге оқып, өзін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әйелдердің сауатты болып, қоғамда белгілі бір функцияға ие болып, жетістікке жетуінің кепілі.

Жалпы алғанда, ислам әйел мен еркекті тең жағдайда ұстау мақсатында қоғамда толықтылық пен тұрақтылықты құрайтын ортақ түсінік табуға тырысады. Оның негізгі міндеттерінің бірі — әйел мен ерді келістіре отырып, тұтастылықты қамту.

Жалпы, әйел түсінігі әйел мәселесі мәнін ашып, нақты ұғынуды қажет етеді. Бүгінгі біздің дамып, өркендеуімізде бұның маңызы ерекше. Бұл жөнінде М.Әуезов мынандай ой тастайды: «...Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген — әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» [6]. Иә, қазіргі кезеңдегі қоғамымызда әйел мәселесі кеңінен орын алып отыр. Әйелдің орны мен ролін анықтау, қарастыру, қарастыра отырып оның мүмкіндіктерін асыру, қоғам «шеттетушілігін» тоқтатып, құқығын қорғау мәселелері — бүгінгі таңның өзекті мәселелері. Әлемді жаулаған гендерлік саясат біздің елде де қанатын кең жайып өркендеуде. Бұл әйел адамның өзін-өзі дамытып, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, шығармашылық айқындалуына жол ашатыны рас. Алайда оның да өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн. Ұлттығымызды сақтай отырып, әлемдік «жанашылдықтарды» бойға сіңіру барысында, келістіре отырып, ортақтандыру керек. Ол үшін тарихымызды саралап, зерделеуіміз, талдай отырып, талқылауымыз керек... Осы орайда Батысты жайлаған бұл саясат өзіндік дәстүрге ие қазақ жеріне қалай келмек, қалайша еніп, бірліктегі келісімге айналмақ, біз оны дұрыс қолдана аламыз ба, және «бұл бізді қайда әкеледі?», «дамудың қай сатысына өтеміз?» деген заңды сұрақтар туатыны анық. Ежелден келе жатқан қоғамдағы әйел мәселесі қаншама уақыт аралығында болып өткен жағдайларға қарамастан, бүгінгі күннің де өзекті мәселесі болып қала бермек.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Соңғы Пайғамбар Хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. — Анкара, 1997.
- 2 Құран. — Алматы, 1991.
- 3 Максуд Р. Ислам. — М., 1999. — С. 212–213.
- 4 Нуртазина Н.Д. Женщина в традиционном казахском обществе: Учеб.-метод. комплекс по курсу «Введение в теорию гендера». — Вып. 4. — 32-б.
- 5 Қыдырәлі Д. Атымды Адам қойған соң... — Алматы, 2008. — 34-б.
- 6 Әуезов М. 50-томдық жинақ. — 1-т. — Алматы, 1997. — 48-б.

Н.Р.Салыматова, Б.Е.Колумбаев

### **Влияние ислама на роль женщины в обществе**

В статье рассматриваются проблемы женщин в современном обществе, влияние исламских законов на изменение их статуса; приводятся разные точки зрения, рассматривающие влияние ислама на роль женщины в обществе. Автор, исследуя основные идеи и ценности по данной проблеме, стремится обосновать логику синтеза установленных взглядов.

N.R.Salymatova, B.Y.Kolumbayev

### **The influence of islam to woman in society**

In article are examined the problems of women in the contemporary society, the influence of Islamic laws on a change in status of woman. The urgency of this investigation consists of the fact that the role of woman it becomes more important factor in the development of man. In the article the different points of view against the influence of Islam on the role of woman are examined. The author, investigating basic ideas and values on this problem, attempts to base the logic of the synthesis of the established views.